



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ  
ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ

А.БАЙТҰРСЫНОВ АТЫНДАҒЫ  
ҚОСТАНАЙ Өңірлік университеті



ҚОСТАНАЙ ОБЛЫСЫ ӘКІМДІГІ МӘДЕНИЕТ БАСҚАРМАСЫНЫҢ "ЫБЫРАЙ АЛТЫНСАРИННИҢ ҚОСТАНАЙ ОБЛЫСТЫҚ  
МЕМОРИАЛДЫҚ МҰРАЖАЙЫ" КОММУНАЛДЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ

КОММУНАЛЬНОЕ ГОСУДАРСТВЕННОЕ УЧРЕЖДЕНИЕ "КОСТАНАЙСКИЙ ОБЛАСТНОЙ МЕМОРИАЛЬНЫЙ  
МУЗЕЙ ИБРАЯ АЛТЫНСАРИНА" УПРАВЛЕНИЯ КУЛЬТУРЫ АКИМАТА КОСТАНАЙСКОЙ ОБЛАСТИ

## АЛТЫНСАРИН ОҚУЛАРЫ

«ИННОВАЦИЯ, БІЛІМ, ТӘЖІРИБЕ-БІЛІМ  
БЕРУ ЖОЛЫНЫҢ ВЕКТОРЛАРЫ»  
ХАЛЫҚАРАЛЫҚ  
ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ  
КОНФЕРЕНЦИЯСЫ

## МАТЕРИАЛДАРЫ

І КІТАП

## АЛТЫНСАРИНСКИЕ ЧТЕНИЯ

## МАТЕРИАЛЫ

МЕЖДУНАРОДНОЙ  
НАУЧНО-ПРАКТИЧЕСКОЙ  
КОНФЕРЕНЦИИ  
«ИННОВАЦИИ, ЗНАНИЯ,  
ОПЫТ – ВЕКТОРЫ  
ОБРАЗОВАТЕЛЬНЫХ ТРЕКОВ»

І КНИГА



Қостанай, 2023

УДК 37.02  
ББК 74.00  
И 63

## РЕДАКЦИЯ АЛҚАСЫ/ РЕДАКЦИОННАЯ КОЛЛЕГИЯ

**Куанышбаев Сеитбек Бекенович**, А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университетінің Басқарма Төрағасы-Ректоры, география ғылымдарының докторы, Қазақстан Педагогикалық Ғылымдар Академиясының мүшесі;

**Жарлыгасов Женис Бахытбекович**, А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университетінің Зерттеулер, инновация және цифрландыру жөніндегі проректоры, ауыл шаруашылығы ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор;

**Скударева Галина Николаевна**, педагогика ғылымдарының кандидаты, доцент, Мәскеу облысындағы МОУ «Мемлекеттік гуманитарлық-технологиялық университеті» ректорының м.а.; Ресей Федерациясының жалпы білім беру ісінің құрметті қызметкері, Ресей;

**Бережнова Елена Викторовна**, педагогика ғылымдарының докторы, профессор Мәскеу халықаралық мемлекеттік қатынастар институты, Ресей;

**Ибраева Айман Елемановна**, «Қостанай облысы әкімдігінің білім басқармасы» ММ жетекшісі;

**Онищенко Елена Анатольевна**, «Педагогикалық шеберлік орталығы» жекеменшік мекемесінің Қостанай қаласындағы филиалының директоры;

**Демисенова Шнар Сапаровна**, педагогика ғылымдарының кандидаты, А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университетінің педагогика және психология кафедрасының меңгерушісі;

**Утегенова Бибикуль Мазановна**, педагогика ғылымдарының кандидаты, А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университетінің педагогика және психология кафедрасының профессоры;

**Смаглий Татьяна Ивановна**, А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университетінің, педагогика ғылымдарының кандидаты; педагогика және психология кафедрасының қауым.профессоры;

**Жетписбаева Айсылу Айратовна**, А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университетінің Ы.Алтынсарин атындағы әдістемелік кабинетінің меңгерушісі.

«Инновация, білім, тәжірибе-білім беру жолының векторлары»: 2023 жылдың 17 ақпандағы Халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция материалдары. I Кітап. – Қостанай: А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университеті, 2023. – 1081 б. = «Инновации, знания, опыт – векторы образовательных треков»: Материалы международной научно-практической конференции, 17 февраля 2023 года. I Книга. – Костанай: Костанайский региональный университет имени А.Байтұрсынова, 2023. – 1081 с.

ISBN 978-601-356-244-5

Жинаққа «Инновация, білім, тәжірибе-білім беру жолының векторлары» атты Алтынсарин оқулары халықаралық ғылыми-практикалық конференция материалдары енгізілген.

Талқыланатын мәселелердің алуан түрлілігі мен кеңдігі мақала авторларына заманауи білім беруді жаңғырту мен дамытудың, осы үдерісте қазақ ағартушыларының педагогикалық мұрасын пайдаланудың жолдарын, мұғалімдерді даярлаудың тиімді технологиялары мен форматтарын әзірлеу мен енгізу мәселелерін, ақпараттық қоғамдағы білім беру кеңістігінің ерекшеліктерін айқындауға, сондай-ақ педагогтердің инновациялық қызметінің тәжірибесін жинақтауға, педагогикалық үдеріс субъектілерін психологиялық-педагогикалық қолдауға мүмкіндік берді.

Бұл жинақтың материалдары ғалымдарға, жоғары оқу орындары мен колледж оқытушыларына, мектеп мұғалімдері мен мектепке дейінгі тәрбиешілерге, педагог-психологтарға, магистранттар мен студенттерге қызықты болуы мүмкін.

В сборнике содержатся материалы Международной научно-практической конференции Алтынсаринские чтения «Инновации, знания, опыт – векторы образовательных треков». Многообразие и широта обсуждаемых проблем позволили авторам статей определить векторы модернизации и развития современного образования, использования в данном процессе педагогического наследия казахских просветителей, вопросов разработки и внедрения эффективных технологий и форматов подготовки учителей, специфики образовательного пространства в информационном обществе, а также обобщения опыта инновационной деятельности педагогов, психолого-педагогической поддержки субъектов педагогического процесса.

Материалы данного сборника могут быть интересны ученым, преподавателям вузов и колледжей, учителям школ и воспитателям дошкольных учреждений, педагогам-психологам, магистрантам и студентам.

ISBN 978-601-356-244-5



9 786013 562445

УДК 37.02  
ББК 74.00

© А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университеті, 2023  
© Костанайский региональный университет имени А.Байтұрсынова, 2023

ӘӨЖ 373.1

## WORDWALL ИНТЕРНЕТ СЕРВИСІН ҚОЛДАНУ АРҚЫЛЫ ҚАЗАҚ ТІЛІ МЕН ӘДЕБИЕТ САБАҚТАРЫНДА ОҚУШЫЛАРДЫҢ ТІЛДІК ҚҰЗЫРЕТТІЛІГІН ДАМУ

Жакиева Уасила Тулемисовна

қазақ тілі мен әдебиет мұғалімі

Астана қаласы әкімдігінің ШМҚ МКК «№1 мектеп–лицей»

Астана қ. Қазақстан

E-mail: uasila2026@mail.ru

Шалдыбаева Бакыткуль Тулемисовна

қазақ тілі мен әдебиет мұғалімі

Қостанай облысы әкімдігі Білім басқармасының

«Рудный қаласы білім бөлімінің №1 жалпы білім беретін мектебі» КММ

Рудный қ. Қазақстан

E-mail: baha\_77-30@mail.ru

Бакина Марал Кайроллоевна

қазақ тілі мен әдебиет мұғалімі

Астана қаласы әкімдігінің ШМҚ МКК «№1 мектеп–лицей»

Астана қ. Қазақстан

E-mail: maral.bakina@mail.ru

### Аңдатпа

Ұсынылып отырған мақалада мұғалімдер қазақ тілімен әдебиет сабақтарында АҚТ әдістердің теориялық және практикалық негіздерін қолдану тәжірибесімен бөлісті. Осы негіздер қазіргі уақытта қажетті оқушылардың дағдыларын шығармашылық, коммуникативтік, сын-қимылойлау ынтымақтастыққа ықпал ететін тілдік құзыреттілікті дамытуда мүмкінді береді. Мақалада пән мұғалімдеріне арналған WORDWALL интернет сервисін қолдану арқылы жасалатын тапсырма түрлері келтірілген.

**Тірек сөздер:** интерактивті тапсырмалар, онлайн сервис, Wordwall сервисі.

### Аннотация

В представленной статье учителя поделились своим опытом использования теоретических и практических основ методов ИКТ на уроках казахского языка и литературы. Эти основы позволяют развивать языковую компетенцию, что способствует творческому, коммуникативному, критическому мышлению, которые необходимо. В статье представлен интернет-сервис WORDWALL с помощью которого учителя – предметники могут создать разные интерактивные задания.

**Ключевые слова:** интерактивные задания, онлайн сервис, Wordwall сервис.

### Abstract:

In the presented article, teachers shared their experience in using the theoretical and practical foundations of ICT methods in the lessons of the Kazakh language and literature. These foundations allow you to develop language competence, which contributes to the creative, communicative, critical thinking that is needed. The article presents the Internet service WORDWALL with the help of which teachers – subject students can create various interactive tasks.

**Key words:** interactive tasks, online service, Wordwall service

XXI ғасыр - білім мен ғылымның, дамыған техниканың дәуірі. Қазақ тілі пәні тұрғысынан қарайтын болсақ, мұндағы АҚТ рәліорасан зор. Қазақ тілі әлемдегі бай әрі әдемі тілдердің бірі болумен қатар, өз ішінде тіл үндестігі, дыбыс үндестігісінды түрлі заңдылықтарға бағынған күрделі жүйе болып табылады. Мұғалімдер үшін қанша оқушылардың ішінде әрқайсысына осындай екпін, ықпал, грамматикалық мағына, сингармонизм сияқты күрделі тақырыптарды және фонетикалық, лексикалық, грамматикалық талдау үлгілерін түсіндіру қиынға соғады. Міне, осындайда ақпараттық-коммуникативті технологияны пайдалану мәселенің таптырмас шешімі болып табылады.

Қазіргі ақпараттық технологиялар дамыған заманда мектептегі оқыту үдерісін де уақыт талабына сай ұйымдастыру мәселесі педагогика тәжірибесінде маңызды орын алып отырғаны анық. Ақпараттық-коммуникациялық технологиялардың негізгілерінің бірі – интербелсенді тақта, мульти-медиалық және онлайн сабақтар. Қазіргі кезде ғаламтор желісінде еліміздің түкпір-түкпірінен жиналған мұғалімдер арнайы сайттар мен парақшаларды ашып, онда өздерінің тәжірибелерімен бөліседі, есіресе білікті ұстаздардың онлайн сабақтары жас мамандарға және жалпы мұғалімдерге үлкен көмекші құрал қызметін атқарады. Интербелсенді тақтаны сабақта пайдаланудың маңыздылығы, яғни оның көмегімен оқыту үрдісіндегі өзекті мәселелерді шешуге болатындығы анықталған. Осыған байланысты күнделікті сабақта: мультимедиялық құралдар (аудио, бейне-материалдар мен теледидар, радио, электрондық оқулықтарды); [1]

Компьютер (компьютерлік бағдарламалар, интербелсенді тақта);

Анықтамалық мәліметтер (сөздіктер, энциклопедиялар, ғылыми еңбектер, электронды жаттығулар жинақтары);



Ғаламтор және басқа дәкөрнекі ақпараттық материалдарды сабақтарда қолдану айтарлықтай оң нәтиже береді.

Мұндай қондырғалар оқушылардың қызығушылығын арттырып, үлкен зейн мен тыңдауға және алған мәліметтерді нақтылай бекітуге мүмкіндік береді.

Кез келген пән бойынша сабақтарды тиімді ұйымдастыру үшін Wordwall онлайн сервисін пайдалануға кеңес беремін.

Wordwall – білім беру процесінің басты міндеттерінің бірі – оқушылардың ынтасын арттыруға көмектесетін әмбебап оқу ресурсы!

Wordwall платформасы – өзіңіздің оқу ресурстарыңызды құрудың қарапайым тәсілі. Wordwall платформасы бұл – сыныпқа арналған сабақ нұсқаларын жасауға мүмкіндік беретін онлайн платформа. Мұнда көптеген: викториналар, сәйкестендіру, ауызша ойындар және басқалар бар. Басты ерекшеліктері:

- Көптеген сабаққа арналған ақпараттық әдіс–тәсілдер.
- Оқушылардың пәнге деген қызығушылығын арттырады.
- Әдемі әрі түсінікті, жеңіл интерфейс.

Wordwall–интерактивті және баспа материалдарын жасауға арналған көп функциялы құрал. Көптеген шаблондар интерактивті және баспа түрінде қол жетімді. Көптеген мұғалімдер сервисінің қазақша кәріптерді қабылдайтын нұсқасы бар екендігіне риза болады. [2]

Ресурс мұғалімдерге әртүрлі пәндер бойынша дайындық үшін көптеген интерактивті жаттығулар мен тренажерлерді пайдалануға мүмкіндік береді!

Интернеттегі жаттығулар қарапайым, бірақ толық компьютерлік ойындар деп санауға болады, себебі мұғалім нақты сабақтың талаптарына сүйене отырып, қойған өту шарты, проблемаларды шешу жолдары болады. Әр ойынның шарты мен мазмұнын өзгертуге, толықтыруға болады. Сонымен қатар, бүкіл жер шары бойынша әріптестерінің дайын әзірлемелерді пайдалану мүмкіндігі бар.

WordWall бағдарламасын пайдалану оңай және оған интерактивті тақта үшін де, жаттығулар үшін де оңтайлы компьютерлерде жеке жұмыс істеу үшін арнайы бағдарлама қажет емес. Кіріктірілген іздеу ісуреттерді автоматты түрде табады және ұсынады. Сонымен желіде жұмыс істейтін редактор жаттығулар жасауға мүмкіндік береді, оқушылардың тапсырмаларды орындау статистикасын қашықтықтан жинау мәзірі де бар.

WordWall онлайн сервисін пайдалану кезінде 8 түрлі функцияларды қарастыруға болады:

1. функция – Интерактивтік және баспа жаттығулары

Интерактивті жаттығулар Интернетке қол жетімді кез–келген құрылғыда ашылады: компьютерде, планшетте, телефонда немесе интерактивті тақтада.

Басып шығарылған нұсқаларды басып шығаруға және оларды Тәуелсіз оқу тапсырмалары ретінде пайдалануға болады.

Осы ресурстың көмегімен әр баланың мүмкіндіктерін ескере отырып, интерактивті немесе баспа жаттығуларын жасау арқылы оқуды саралау мен жекелендіруді ұйымдастыруға болады. [ 2]

2. функция – Шаблондар көмегімен жаттығулар құрастыру

Сервисте сабақтар шаблондар жүйесі арқылы жасалады.

Бұл үлгілерге Викторина және Кроссворд сияқты таныс классика кіреді. Сондай–ақ, аркада ойындары бар, мысалы, лабиринт пен ұшақты қуып жету т.б.

Жаңа сабақ жасау үшін алдымен үлгіні таңдап, содан кейін мазмұнды енгізу керек. Бұл қарапайым және бірнеше минут ішінде толық интерактивті сабақ жасай аласыз дегенді білдіреді.

Wordwall веб–сайтында ұсынылған 18 шаблон өте сапалы құрылымға ие және мұғалімге ойынның бұрыннан бар нұсқаларын қолдануға және нөлден бастап өз нұсқаларын жасауға мүмкіндік береді:

1. Викторина
2. Сәйкестендіру
3. Кездейсоқ доңғалақ
4. Өрісті ашыңыз
5. Топтық сәйкестендіру
6. Жұбын тап
7. Кездейсоқ қарттар
8. Сәйкес келетін карталар
9. Босорынды толтыр
10. Тәртіпке келтіру
11. «Ойын шоуы» викторинасы
12. Анаграмма
13. Белгі қойылған диаграммалар
14. Сөздерді іздеу
15. Лабиринттегі ойын
16. Шындық не жалған

17. Суреттер викторинасы

18. Тақталарды аударыңыз

Егер ақылынұсқасын алатын болсақ онда 18 дайын шаблонға тағы 25 түрлі шаблон қосылады. Әрине әр педагог өзіне ыңғайлы нұсқасын таңдап, жұмыс жасайды. Wordwall веб-сайтында ұсынылған 18 шаблон өте сапалы құрылымымен ерекшеленеді және мұғалімге ойынның бұрыннан бар нұсқаларын пайдалануға және өз нұсқаларын нөлден жасауға мүмкіндік береді.

3. функция – Шаблондарды ауыстыру

Сабақты жасағаннан кейін оны бір рет басу арқылы басқа шаблонға ауыстыруға болады. Бұл бізге уақытты үнемдеу үшін, әрі әр пәннің ерекшелігін ескере отырып, тапсырма түрлерін ауыстыру үшін керемет мүмкіндік береді. Мысалы, егер біз фигуралардың атауларына негізделген Сәйкестік туралы оқу тапсырмасын жасасақ, оны дәл сол фигуралардың атауларымен кроссвордқа айналдыра аламыз

4. функция – Кез келген тапсырманы өзгере алу.

Тек дайын сабақтарды пайдаланудың қажеті жоқ. Егер біз өз тақыбырымыздасабақ тапсақ, біз сол материалды сабақ пен оқыту стиліне сәйкес оңай реттей аламыз. Яғни дайын тапсырманы өз керегімізге өзгерте де, толықтыра да аламыз.

5. функция – Тақырыптар мен параметрлер

Интерактивті әр түрлі тақырыптарда ұсынуға болады. Әр тақырып әр түрлі графикаға, қаріптерге және дыбысқа байланысты сыртқы түрін өзгертеді. Таймерді орнату немесе ойын барысын өзгерту үшін қосымша опцияларды таба аламыз. Баспа өнімдерінің де параметрлері бар. Мысалы, қаріпті өзгертуге немесе параққа бірнеше көшірмені басып шығаруға болады. [2]

6. функция – Мұғаліммен бөлісу

Біз жасаған кез-келген әрекетті жалпыға қол жетімді етуге болады. Бұл бізге сабақ парағына сілтемені электрондық пошта, әлеуметтік медиа немесе басқа құралдар арқылы бөлісуге мүмкіндік береді. Сондай-ақ, бұл басқа мұғалімдерге іздеу нәтижелерінде қауымдастықтан сабақ табуға, оны ойнауға және дамытуға мүмкіндік береді.

Ал Егер өз тапсырмалармен бөліспеймін десеңіз, онда сабақтарды жеке сақтай аламыз, яғни оған тек өзіміз жеке қол жеткіземіз.

7. функция – Веб – сайтқа кіріктіру

Wordwall сабақтарын HTML кодының үзіндісін қолдана отырып, басқа веб-сайтқа орналастыруға болады. Бұл YouTube немесе Vimeo-да табуға болатын бейнеікірістіру функциясы сияқты жұмыс істейді, бұл бізге өз веб-сайтымызда қайталанатын әрекетті береді.

Бұл біздің немесе мектептің виртуалды оқу ортасын (VLE) жақсартудың тамаша тәсілі.

8. функция – Оқушыларға берілетін тапсырмалар

Wordwall сабақтарын оқушыларға тағайындалған тапсырмалар ретінде пайдалануға болады. Мұғалім тапсырма берген кезде оқушылар сабақтың басты бетіне баруға алаңдамай, дәл осы сабаққа жіберіледі. Бұл мүмкіндікті сабақты оқушылар өз құрылғыларына қол жеткізген кезде немесе үй тапсырмасы ретінде пайдалануға болады. Әр білім алушының нәтижелері тіркеліп, мұғалімге беріледі.

Белгілі бір оқу тапсырмасы немесе тақырыбы үшін оңтайлы ресурсты табу үшін төрт қарапайым қадамды орындау керек:

1) сайттың басты бетіне өту

3) «іздеу» батырмасында оқу тапсырмасын енгізу

4) компьютерде оқу тапсырмасын ойнатыңыз. [2]

Жалпы ұсынылған Wordwall шаблондарының әр түрлі құралдарымен мұғалімдеріне педагогикалық шығармашылық үшін, әсіресе ақпараттық және сонымен қатар қашықтықтан сабақтарды көңілді ұйымдастыру және өткізу үшін таусылмайтын қызықты ресурс екенін атап өткім келеді.

Қорыта айтқанда, ақпараттық технологияларды педагогикалық тұрғыдан дұрыс пайдалана білу оқушының сабаққа деген қызығушылығын арттырып, сабаққа деген ынтасын оятады, өз бетімен жұмыс істеуге, пікірталас ұйымдастыруға, проблемалық сұрақтарға жауап беруге, өмірмен байланыстыруға ықпал тигізеді. Ал оқытушы үшін ол келесідей артықшылықтармен ерекшеленеді: мұғалім үздіксіз ізденіс үстінде жүреді, жеке тұлғаны қалыптастырудағы жауапкершілігі артады, инновациялық технологияларды қолдану іскерлігі артады, жас мамандардың қызығушылығын арттырады, ғаламтор жүйесі арқылы әлемдік деңгейде іс-тәжірибе алмасуды қалыптастырады және оқытудың түрлі әдіс-тәсілдерін игеруге қол жеткізеді, оқытушы сабақты қызықты, жүйелі түрлендіріп өткізуге машықтанады.

#### **Әдебиеттер тізімі:**

1. Насыритдинова Г.Н. Қазақ тілі сабақтарында оқушылардың білім сапасын арттыруда ақпараттық-коммуникативтік технологиялардың маңызы. Ғаламтордағы нұсқасы:

[http://www.rusnauka.com/9\\_SNP\\_2015/Philologia/1\\_187867.doc.htm](http://www.rusnauka.com/9_SNP_2015/Philologia/1_187867.doc.htm)

2. <https://wordwall.net/ruсайты>